

«№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ



**2024-2025 оқу жылы бойынша
әлеуметтік педагогтың
I жарты жылдық талдау қорытындысы**

Әлеуметтік педагог Елекеева Ж.А.

**2024-2025 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың I жарты жылдық
талдау қорытындысы.**

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

2024-2025 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылып жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылына мектептің әлеуметтік паспорты құрылды. Әлеуметтік паспорт класс жетекшілерден алынған класс туралы мәлімет негізінде оқу жылының басында құрылып және екінші жарты жылдығында жаңартылып отырады.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

№	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
	Барлық оқушылар	571	
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Толық отбасылар	364	63,7
2.	Толық емес отбасылар	13	2,3
3.	Анасы жоқ балалар	3	0,5
4.	Әкесі жоқ балалар	13	2,3
5.	Көп балалы отбасы	123	21,5
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	17	2,9
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0,1
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	2	0,3
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
	Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	567	99,2
2.	Техникалық және кәсіптік	199	34,8
3.	Орта	18	3,1

Өгей анамен тұратын – 1 оқушы (Токтагулов Ислам), өгей әкемен тәрбиеленетін – 1 оқушы бар (Ибишев Ибрахим 1 класс). Мектепшілік, ҚІБ есебінде тұрған оқушылар жоқ. Қыркүйек айында көп балалы және аз қамтылған отбасындағы оқушылардың

әлеуметтік жағдайын зерттеу мақсатында класс жетекшілер мен әлеуметтік педагог үйлеріне барып, зерттеулер жүргізілді. Сонымен қатар жетім, өгей әке және өгей анамен тұратын оқушылардың да тұрмыстық жағдаймен таныстым.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген қаржылай көмекке мұқтаж отбасылардың балаларына тамыз-қыркүйек айлары бойынша құжаттары жинақталып барлығы 49 оқушыға әр балаға 43 407 теңгеден есепшоттарына аударылды.

2024-2025 оқу жылы бойынша бастауыш сыныптарда барлығы 260 оқушы және жекелеген санат отбасыларынан шыққан 23 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Соның ішінде АӘК алатын-5 оқушы, жетім-1 оқушы, төтенше жағдай бойынша-4 оқушы, білім беру ұйымының алқалы органының шешімі бойынша-13 оқушы.

Қаңтар айынан бастап Ақтөбе облысы білім басқармасының бекітуімен жаңа 2 апталық ас мәзірі бекітіліп, қазіргі уақытта жекелеген санат оқушыларына бекітілген мәзір бойынша ыстық тамақ берілуде.

Асхананың санитарлық жағдайы, азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру мақсатында бракераж комиссиясы жұмыс жасайды. Бекітілген комиссия мүшелері айына 1 рет жоспарға сай асханаға тексеру жұмыстарын жүргізіп акт, хаттамалары толтырылып отыр.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті әлеуметтік педагог және класс жетекшілері тарапынан қадағаланады.

Мектеп асханасы туралы ата-анамен оқушылардың ойын және ұсыныстарын анықтау мақсатында қараша айында сауалнамалар алынып нәтижелері шығарылды.

15.10.2024 ж күні «Күзгі асар» қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Жиналған қаржыдан екі оқушыға 20 000 теңгеден қаржылай көмек, жетім категориясындағы оқушы Есентай Зангирге 50 000 теңге көлемінде қаржы «Отбасы банк» есепшотына аударылды. 29 қазан Қамқоршылар күніне орай Есентай Зангирдің қамқоршысы Сагиндыкова Балжан Койланқызы тәтті сыйлықтар мен мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.

Мектебімізде «Инклюзивті білім беру жағдайында мектеп мұғалімдері мен арнайы мамандардың өзара бірлескен әрекеті» тақырыбында мектепшілік №1 Психологиялық-педагогикалық қолдау отырысы мен «Ерекше білім алу қажеттілігі бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мазмұнын анықтау» тақырыбында мектепшілік №2 Психологиялық-педагогикалық қолдау отырысы ұйымдастырылды.

Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектептің тәрбие ісі орынбасарымен бірлесіп «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» тақырыбында жұмыстар жүргізілді.

«JAN ANUAL» психологиялық қолдау орталығы ММ хатына сәйкес ұйымдастырылған «Үздік мектеп асханасы» онлайн байқауына қатысып I орын иелендік. Байқау шарттары: мектеп асханасын бейнеролик арқылы таныстыру, бракераж комиссиясының жұмысын ұсыну, қызмет көрсетуші туралы портфолио жасақтау.

Желтоқсан айында Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен шыршаға атаулы әлеуметтік көмек алатаны отбасылардан шыққан оқушылар Ерболқызы Жазира мен Өмірзақ Аянат қатысып тәтті сыйлықтар иемденіп қайтты. Мерекеге орай демеушілер тарапынан барлығы 55 оқушыға тәтті сыйлықтар ұйымдастырылып көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сыйлық жекелеген санат оқушыларына, үйден оқитын оқушылар сонымен қатар инклюзивті білім алушыларға таратылды.

Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева



Оқушылардың тұрмыстық жағдайларымен танысу





Бракераж комиссиясының жұмыс барысы





«Күзгі асар» қайырымдылық жәрмеңкесі





**29 қазан «Қорғаншылар күніне» орай ата-аналарды
марапаттау**





**Қалалық «Үздік мектеп асханасы»
байқауы I орын**





Демеушілер тарапынан жекелеген
санат отбасыларынан шыққан
55 оқушыға жаңа жылдық тәтті
сыйлықтар таратылды

